

"Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 1103 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 23 қарашадағы № 768 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қыркүйектегі № 1103 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 55, 784-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сыйға тарту шарты бойынша мемлекеттің мүлік құқығына ие болу қағидасында:

3-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік меншікке берілетін мүліктің меншік иесі сыйға тарту шарты бойынша мемлекетке мүлік құқығын беру туралы ұсыныспен мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға не оның аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі – аумақтық бөлімше) не облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарына не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппаратына (бұдан әрі – жергілікті атқарушы органдар) өтініш жасайды.";

19-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев